

"Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 267 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы

Осы Заң жәбірленушілерге қылмыстық құқық бұзушылықтардан келтірілген зиянды өтеу саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны төлеу жөніндегі құқықтық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерді белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жәбірленуші – өзіне қатысты оны жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы шығарылған адам ;
- 2) Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры (бұдан әрі – Қор) – осы Заңда көзделген түсімдерді есепке жатқызу және төлемдерді жүргізу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоты ;
- 3) зиян – жәбірленушіге қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген моральдық, дене зақымы немесе мүлктік болып табылатын залал;
- 4) кінәлі тұлға – жәбірленушіге қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде зиян келтірген тұлға; кінәлі деп танылған кәмелетке толмағанның заңды өкілдері; жеке тұлғаның жазаланатын қылмыстық әрекетінен келтірілген зиян үшін заңға сәйкес материалдық жауапкершілікте болатын заңды тұлға;
- 5) мемлекеттік ақшалай өтемақы – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен жәбірленушілер деп танылған адамдарға Қордан берілетін ақшалай қаражат төлемі;

6) регресс рәсімі – осы Заңның 10-бабында көрсетілген тұлғаларға қатысты Қордың жәбірленушілерге төленген ақшалай қаражатын қайтаруды қамтамасыз ету бойынша прокуратура органдары қабылдайтын шаралар.

2-бап. Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған және күшіне енген халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Жәбірленушілерге зиянды өтеудің негізгі қағидаттары

Жәбірленушілерге зиянды өтеу мынадай:

1) з а ң д ы л ы қ ;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды мемлекеттің толық не ішінара мемлекеттік ақшалай өтемақыны өтеуіне қолжетімділік қағидаттарына негізделеді.

4-бап. Құқық қорғау органдарының құзыреті

1. Құқық қорғау органдары :

1) осы Заңға сәйкес мемлекеттік ақшалай өтемақы алуға құқығы бар адамдар санатына жатқызылатын жәбірленушіге осы Заңда белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Қордан мемлекеттік ақшалай өтемақы алу құқығын түсіндіреді;

2) жәбірленушіге оның өтінішінің қаралғаны туралы хабарлайды;

3) негіздер болған кезде осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік ақшалай өтемақы төлемін тағайындайды ;

4) мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың тізілімін орталықтандырылған жүргізу арқылы оларды есепке алуды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік ақшалай өтемақы алу үшін қасақана дұрыс емес мәліметтер берген тұлғалардан төленген өтемақының қайтарылуын қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қажетті а қ п а р а т т ы с ұ р а т а д ы .

2. Прокуратура органдары осы Заңның және Қазақстан Республикасының жәбірленушілерге зиянды өтеу саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінің дәл және біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

5-бап. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

- 1) құқық қорғау органдарынан алынатын мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылар тізілімінің негізінде төлем құжаттарын қалыптастырады;
- 2) Қордан жәбірленушілерге мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуді жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылар тізілімінің нысанын және оны жүргізу тәртібін әзірлейді.

2-тарау. Жәбірленушіге қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу және мемлекеттік ақшалай өтемақы беру тәртібі

6-бап. Мемлекеттік ақшалай өтемақы алуға құқығы бар жәбірленушілер санаты

1. Мемлекет жәбірленушілерге не олардың құқықтық мирасқорларына:

- 1) сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандары болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасы және азаптаулар құрбандарына;
- 2) денсаулығына ауыр зиян келтірілгендерге не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырғандарға;

3) қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, осы Заңда белгіленген мемлекеттік ақшалай өтемақылардың берілуіне кепілдік береді.

2. Азамат Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес жәбірленуші ретінде танылған кезден бастап оның мемлекеттік ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жәбірленуші ретінде танылған кезден бастап олардың мемлекеттік ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

7-бап. Мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу негіздері, мөлшері және мерзімдері

1. Мемлекеттік ақшалай өтемақы:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 110 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 120 (үшінші және төртінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында), 121 (үшінші және төртінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында), 124, 128, 134, 135 және 146-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандары болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасы және азаптаулардың құрбандарына;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106 (бірінші және екінші бөліктерінде), 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 118 (екінші және төртінші бөліктерінде), 119 (екінші бөлігінде), 120 (үшінші бөлігінің 2) тармағында (жәбірленушінің адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы

бөлігінде), 121 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 141 (бірінші бөлігінде), 192 (екінші бөлігінің 5) тармағында), 202 (екінші бөлігінің 2) тармағында), 203 (екінші бөлігінің 2) тармағында), 319 (бесінші бөлігінде), 320 (екінші бөлігінде), 322 (екінші бөлігінде), 345 (екінші бөлігінде), 346 (үшінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 351 (бірінші бөлігінде), 355 (екінші бөлігінің 1) тармағында), 356 (екінші бөлігінің 1) тармағында), 358 (үшінші бөлігінде) -баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ/ЖИТС) жұқтырылған адамдарға;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99, 104, 105, 106 (үшінші бөлігінде), 116 (үшінші бөлігінде), 119 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 120 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 121 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 125 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 126 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 127 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 141 (екінші бөлігінде), 192 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 202 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 261 (үшінші бөлігінде), 277 (екінші бөлігінде), 317 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 319 (бесінші бөлігінде), 320 (екінші бөлігінде), 322 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 344 (екінші және үшінші бөліктерінде), 345 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 346 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 347, 348 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 349 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 350 (екінші және үшінші бөліктерінде), 351 (екінші және үшінші бөліктерінде), 352, 353 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 354 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 355 (үшінші бөлігінің 4) тармағында), 356 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 358 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 359 (үшінші және төртінші бөліктерінде) -баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, құқықтық мирасқорларға тағайындалады.

2. Сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандары болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасы және азаптаулардың құрбандарына жатқызылатын жәбірленушілер үшін мемлекеттік ақшалай өтемақының мөлшері отыз айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Денсаулығына ауыр зиян келтірілген, не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған жәбірленушілер үшін мемлекеттік ақшалай өтемақының мөлшері қырық айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, мемлекеттік ақшалай өтемақы мөлшері елу айлық есептік көрсеткішті құрайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жәбірленуші ретінде бір адам танылған жағдайларда, мемлекеттік ақшалай өтемақы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірінің өтемақысының көп мөлшері өтемақының аз мөлшерін сіңіруі арқылы тағайындалады.

4. Қорда қаражат болған жағдайда мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуді бюджетті

атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімін құқық қорғау органдары ұсынған күннен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Қор қаражаты болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайларда, мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Заңның 9-бабының 2-тармағында көрсетілген көздердің есебінен Қор қаражатын толтыру кезінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың тізілімін құқық қорғау органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын, адамды жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы шыққаннан кейінгі айдың он бесінші күніне орталықтандырылған түрде ұсынады.

8-бап. Мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу шарттары және оны алу ерекшеліктері

1. Құқықтары түсіндірілгеннен және адам жәбірленуші ретінде танылғаннан кейін қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес жәбірленуші мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, құқық қорғау органдарына өтінішпен жүгінеді.

Өтініш беру мерзімі адам жәбірленуші деп танылған немесе оған жәбірленушінің құқықтары берілген кезден бастап үш жыл ішіндегі мерзімді құрайды.

Өтініш беру мерзімін өткізіп алған жағдайда, жәбірленуші өткізіп алған мерзімін қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

2. Мемлекеттік ақшалай өтемақыны тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі мыналарды қамтиды:

1) жәбірленуші деп танылған адамның құқық қорғау органдарына мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу туралы өтініші. Егер кәмелетке толмаған немесе сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адам жәбірленуші деп танылған жағдайларда, мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу туралы өтінішті заңды өкілдер, жәбірленушілердің қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен қылмыстық процеске қатысуға рұқсат етілген өкілдері береді.

2) құқық қорғау органының адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулысы;

3) құқық қорғау органының мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешімі;

4) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Егер кәмелетке толмаған немесе сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адам жәбірленуші деп танылған жағдайларда, заңды өкілдердің, жәбірленушілердің қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен қылмыстық процеске қатысуға рұқсат етілген өкілдерінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі де беріледі.

5) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер. Егер кәмелетке толмаған жәбірленуші деп танылған жағдайда, заңды өкілдердің, жәбірленушілердің қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен қылмыстық процеске қатысуға рұқсат етілген өкілдерінің тиісті мәліметтері беріледі.

6) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің немесе қайтыс болуын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі. Қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, құқықтық мирасқор өзіне мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау үшін жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің немесе қайтыс болуын растайтын өзге де құжаттың көшірмесін береді.

7) құқықтық мирасқорлардың біреуінің жеке басын куәландыратын, сондай-ақ қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжаттың (неке қию (ерлі-зайыптылық), туу, бала асырап алу туралы куәліктердің) көшірмесі. Қайтыс болған адамның отбасының Қордан мемлекеттік ақшалай өтемақыға құқығы бар барлық мүшелеріне бір төлем тағайындалады. Отбасы мүшелеріне мемлекеттік ақшалай өтемақыдан үлес бөлу жүргізілмейді.

8) егер жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адам болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланың немесе әрекетке қабілетсіз адамның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиеші, оларды алмастыратын басқа адамды тағайындау туралы анықтаманың көшірмесі.

Жәбірленуші өзінің мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындауға құқығын растайтын өзге де құжаттарды ұсынуға құқылы.

3. Зиянды өтеу бойынша төлемдерді тағайындау туралы не оларды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді құқық қорғау органының уәкілетті басшысы мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау үшін қажетті құжаттарды жәбірленуші ұсынғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде қабылдайды.

Зиянды өтеу бойынша төлемдерден бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

4. Жәбірленушілерге мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Заңның 7-бабының 4-тармағына сәйкес құқық қорғау органдары берген алушылар тізілімінің негізінде жүзеге асырады.

Мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ негіздердің болуы және жәбірленушілердің мемлекеттік ақшалай өтемақы алу үшін осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келуі үшін мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындаған, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Жәбірленуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы үшін жауаптылықта болады.

5. Мемлекеттік ақшалай өтемақыны төлеу Қордан алушылардың банк шотына

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

6 .

М ы н а л а р :

1) қылмыстық құқық бұзушылықтан жәбірленушілерге келтірілген зиянға мемлекеттік ақшалай өтемақы негізсіз сұралған жағдай;

2) мерзімі дәлелді себептер бойынша өткізілген жағдайларды қоспағанда, өтініш беру мерзімін өткізіп алу;

3) мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау үшін қажет дұрыс емес құжаттарды ұ с ы н у ;

4) кінәлі тұлғаның жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтеуі;

5) іс бойынша ақиқатты анықтауға және кінәлілерді жауаптылыққа тартуға кедергі к е л т і р у ;

6) адамды жәбірленуші ретінде тануды тоқтату туралы қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысы қылмыстық құқық бұзушылықтан жәбірленушілерге келтірілген зиянға мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындаудан бас тарту үшін негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

Егер кәмелетке толмағандар не әрекетке қабілетсіз адамдар жәбірленушілер болып табылса, олардың заңды өкілі, қорғаншысы, қамқоршысы, патронат тәрбиешісі, оларды алмастыратын басқа да адамдар ауырған, дәрменсіз күйде болған, жақын туыстары қайтыс болған, дүлей зілзалалар немесе жәбірленушілерге өтініш беруге кедергі келтіретін басқа да жағдайлар туындаған жағдайда, өтініш беру мерзімі дәлелді себеппен өткізіліп алынған болып есептеледі.

3-тарау. Қорды қалыптастыру көздері және оның қызметі

9-бап. Қорды қалыптастыру көздері және оны құру

1. Қор бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қолма-қол ақшаны б а қ ы л а у ш о т ы н б і л д і р е д і .

2. Салықтық емес түсімдер Қорды қалыптастыру көздері болып табылады, оларға м ы н а л а р :

1) с о т с а л а т ы н т і р к е л г е н т ө л е м д е р ;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 156 және 165-баптарында көзделген процестік міндеттерін орындамағаны және адвокатты, прокурорды және сотталушыны қоспағанда, жәбірленуші, куәгер, маман, аудармашы және өзге де адамдар сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін сот салған а қ ш а л а й ө н д і р і п а л у л а р ;

3) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген және түзеу жұмыстары түрінде жаза тағайындалған сотталған адамнан соттың қаулысы бойынша ұсталатын с о м а ;

4) осы Заңның 10-бабына сәйкес регрестік тәртіппен өндірілген сомалар жатады.

3) мемлекеттік ақшалай өтемақы алу үшін жәбірленушілердің қасақана дұрыс емес мәліметтерді беру фактісінің белгілі болуы негіз болады.

11-бап. Мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың тізілімі

1. Мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың тізілімін құқық қорғау органдары төлемдерді алушылардың мониторингін қамтамасыз ету және оларды есепке алу, сондай-ақ сотталған адамдарға қойылатын талаптар регресін есепке алу үшін аумақтық бөлімшелер бойынша орталықтандырылған түрде жүргізеді.

2. Мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылар тізілімінің нысанын және оны жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

12-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

4-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

13-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4, 6, 7, 8, 10, 11-баптарды қоспағанда, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті